



ЕСІМІ КІТАПҚА ЕНГЕН АРДАГЕРЛЕР

Қоғамның сан-саласында еңбек етіп, еліміздің өсіп-өркендеуіне өзіндік үлес қосқан ардагер ағаларымыз бен апаларымызды көпшілікке танытуды мақсат еткен Шымкент қаласындағы «Жебе» баспа үйі (бас директоры Жарқынбек Төлтебаев) «Қазақстанның ардақты ардагерлері мен билері» кітабын шығаруды қолға алғанды. Ел Тәуелсіздігінің ширек ғасырлығына орай жарық көрген бұл өмірбаяндық энциклопедияның алғашқы жинағына Ақмола, Алматы, Атырау, Қызылорда, Жамбыл және Оңтүстік пен Шығыс Қазақстан облысы өкілдері жайында мәліметтер топтастырылса, жақында шыққан екіншісіне Батыс Қазақстан, Павлодар, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Шымкент қаласы ардагерлерінің өмірбаяндары енгізіліпті.

Біздің ауданнан сегіз адам қамтылған. Олар: Исатай Бекқалиев, Гүлжан Бисекенова, Иран Дәуленов, Ерболат Зинешов, Жұмабай Кенжеғалиев, Есентай Нұрлыбаев, Серік Таңатов, Сақтар Хайроллин.

Кешегі сенбіде аудандық ардагерлер бөлмесінде аудан әкімі Нұрлан Рахымжанов аталмыш кітапқа енген ардагерлерге және аудандық кітапхана өкіліне басылымды табыс етті. Мәслихат хатшысы Ерболат Таңатов, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Тілеген Арыстанбеков, ардагерлер кеңесінің төрағасы Иманбай Машотов құттықтаса, ал, Иран Дәуленов, Исатай Бекқалиев, Гүлжан Бисекенова, Серік Таңатов ризашылықтарын білдірді.

Айша ТІЛЕКҚЫЗЫ

Ауыл тынысы

Сайқын ішіне асфальт төселуде



Сайқын ауылы ішіндегі 5,6 шақырым автокөлік жолы орташа жөндеуде. 1991 жылы асфальт төселген ауылшілік жолдарға бүгінге дейін орташа жөндеу жүргізілмеген. Биыл бұл істі «ҚПО Б.В.» компаниясы де-меушілігімен «Бірлік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қолға алды.

– Жолдарды қайта жаңарту аудан орталығында алғаш рет жүргізілуде. Қазіргі кезде Р. Егізбаев, Т. Жароков, Б. Жәнекешев, Қазақстан, М. Бега-лиева көшелері жолдары орташа

жөндеуде. Күнара барып, жұмыстың жүргізілу барысын қадағалап, тексеріп тұрамыз. Алдымен, жұмысшылар асфальттың шұңқырларын тазалап, су шашып, қиыршық тастар төседі. Және 17 су өткелінің іші тазартылып, айналасы қайта ретке келтірілді. Асфальт төсеу Р. Егізбаев көшесінен басталуда. Оған материал көршілес Жәнібек ауданының Ұзынкөл ауылы маңындағы асфальт шығару зауы-тынан әкелініп жатыр. Екі «КамАЗ» тәулігіне он шақты рейс жасай-

ды. Жұмысқа негізінен жергілік-ті тұрғындар тартылған. Қыркүйек айының аяғына дейін жөндеуді аяқтау жоспарлануда. Тағы бір ескертетін жәйт, жерлестеріміздің төселген асфальт жолдары әбден кеуіп, қалпына келмейінше, көлікпен жүрмеулерін, мал айдамауларын өтінеміз, – деді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Бисенбек Насимоллин.

Айша ҚҰРМАШ

Ағымдағы ақпарат

«Орда жұлдызында» жаңа редактор

Ауданымызға жұмыс сапарымен келген «Жайық Пресс» медиахолдингі бас директорының кеңесшісі Нұрсұлтан Мықтыбай аудан әкімі Нұрлан Рахымжановтың қатысуымен аудан активіне «Жайық Пресс» ЖШС-і Бөкей ордасы филиалы – «Орда жұлдызы» газетінің жаңа дирек-тор-редакторын таныстырды.

Жиынды ашқан Нұрлан Сағынтайұлы меймандарға қош келдіңіз айтып, осы кезге дейін аудандық басылымның редакторлық қызметін атқарып кел-ген Бауыржан Бисеновтің денсаулығына байланысты ұзақ мерзімді демалыс алып жатқанын жеткізіп, оның орнына тағайындалған облыстық «Орал өңірі» газетінің тілшісі Нұртай Текебаевты ауданның атқа мінерлеріне таныстырды. Нұрсұлтан Ертуғанұлы аудан активіне Нұртай Алтайұлының осы уақытқа дейінгі еңбек жолдарына тоқталып, оның жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Аудан халқына жақсы таныс қарымды қаламгер Бауыржан Махмұдұлы өз ке-зегінде Нұрлан Сағынтайұлы басқарып отырған аудан халқына зор алғысын айтып, ризашылығын жеткізді. Сондай-ақ, медиахолдинг бас директорының кеңесшісі Нұрсұлтан Ертуғанұлы «Орда жұлдызы» газетінің редакциясында болып, жаңа басшыны ұжыммен таныстырды.

Айта кетейік, 2009 жылы М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың қазақ тілі мен әдебиеті факультетін тәмамдаған Нұртай Текебаев 2010-2012 жылдары Ақоба ауылындағы Хаби Халиуллин атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, 2012-2013 жылдары Жәнібек ауданы әкімі аппаратының статисі, 2013-2015 жылдары Жәнібек аудандық «Шұғыла» газетінің, 2015 жылдан бас-тап облыстық «Орал өңірі» газетінің тілшісі қызметтерін атқарды. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Өз тілшіміз,

Суретте: «Жайық Пресс» медиахолдингі Бас директорының кеңесшісі Нұрсұлтан Мықтыбай (сол жақта) Нұртай Текебаевты редакторлық лауазымымен құттықтауда



Қабылдауға бес тұрғын келді

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы ғимаратында Қазақстан Республи-касы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросының облыстық департаменті басшысы Рустам Ақмырзаев пен бөлім басшысы Ардақ Ізғалиев аудан тұрғындарын қабылдады.

Қабылдауға бес тұрғын келіп, түйткілді мәселелер жөніндегі сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды.

Айша АСҚАР



Сәрсенбі, 12.09.2018

Бейсенбі, 13.09.2018

Жұма, 14.09.2018

Сенбі, 15.09.2018

Жексенбі, 16.09.2018

Дүйсенбі, 17.09.2018

Сейсенбі, 18.09.2018

+28 +18

+29 +15

+30 +16

+29 +18

+28 +21

+28 +17

+28 +18

Адам және заң

Қырғызстан азаматшасын қыстақта ұстаған



Сот-құқықтық реформаларды жетілдіре түсу мақсатында Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 21 желтоқсандағы №118-VI заңымен Қылмыстық процестік кодекске жаңа институт – бұйрықтық іс жүргізу енгізілді.

Бұйрықтық іс жүргізу – бұл сот отырысын жүргізбей, сот тарапынан айыппұл тағайындаумен, айыптау үкімін шығарумен қаралатын қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар бойынша іс жүргізудің дербес нысаны. Жедел жүргізілетін бұл істердің артықшылығына тоқталсақ, бастысы сотқа дейінгі іс жүргізу органдарының жұмысы жеңілдейді. Маңызы болмашы, айқын қылмыстық істерді қысқа мерзім ішінде аяқтап, бұзылған құқықтарды тез арада қалпына келтіруге жәрдемдеседі. Яғни, бұйрықтық іс жүргізу қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар бойынша күдікті өз кінәсін мойындаған жағдайда, сот тараптардың қатысуынсыз қаралады. Сөйтіп, мемлекет қаражаты үнемделіп, істі қарау мерзімі қысқарады. Егер, жиналған дәлелдемелер арқылы қылмыстық теріс қылық (немесе) онша ауыр емес қылмыс фактісі және оны жасаған адам анықталса, күдікті қылмыстық құқықбұзушылық жасаудағы өз кінәсінің қолда бар дәлелдемелеріне дау айтпаса, өз әрекеттерінің

(әрекетсіздігінің) саралануына, келтірілген нұқсанның (зиянның) мөлшеріне (сомасына) келісе, жасалған қылмыстық құқықбұзушылықтың санкциясы негізгі жаза түрлерінің бірі ретінде айыппұлды көздесе, күдікті істі дәлелдемелерді зерттемей, өздерін істі сотта қарауға шақырмай және қатыстырмай, бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы өтінішхат мәлімдесе, ал, жөбірленуші, сонымен бірге азаматтық талапкер мен азаматтық жауапкер (олар іс бойынша қатысқан жағдайда) бұған келісім білдірсе, қылмыстық теріс қылықтар және онша ауыр емес қылмыстар бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Аудандық сотта жыл басынан бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен 7 қылмыстық іс қаралды, оның 1-еуі онша ауыр емес қылмыс, қалған 6-ауы қылмыстық теріс қылықтар. Осы істер бойынша 7 сотталушыға 1593025 теңге айыппұл жазасы тағайындалды. Сотталушыларға тағайындалған айыппұл жазасы заңмен көзделген мерзім ішінде төленіп, үкім толық орындалды.

Бұйрықтық тәртіппен қаралған істерге келсек, Бисен ауылдық округіне қарасты Жиекқұм бөлімшесінің тұрғыны 1972 жылы туған И. есімді азаматша Қырғызстан Республикасының азаматының жеке басын растайтын куәлігін қыстақтан жі-

бермеу мақсатында заңсыз алғаны үшін ҚК-нің 384-бабының 1-бөлімімен, яғни, азаматтың паспортын заңсыз алып қойғаны, Ұялы ауылының тұрғыны Ғ. есімді азамат әйеліне пышақ тақап, өлтіремін деп қорқытқаны үшін ҚК-нің 115-бабымен қылмыстық жауаптылыққа тартылды. Ресей Федерациясының азаматы Я.Б-ның «Орда» шекара бекетінен қолдан жасалған пышақ, яғни, суық қаруды өткізбек әрекеті шекарашылар тарапынан анықталып, суық қаруды заңсыз алып жүргені үшін (ҚК-нің 287-бабының 1-бөлімі) оның үстінен қылмыстық іс қозғады. Ұялы ауылының тұрғыны Т.С. шығарылу заңдылығын растайтын құжаттарсыз мұнай өнімдерін иемденіп, тасымалдап, өткізіп және сақтағаны үшін ҚК-нің 197-бабының 1-бөлімімен жауапқа тартылды.

Бұйрықтық іс жүргізу қылмыстық құқықбұзушылық жасағаннан кейін өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамдық қауіптілігін ұғыну не оларды игеру мүмкіндігінен айыратын психикасының бұзылуымен ауырған адамға, көмелетке толмаған немесе дене, психикалық кемістігі салдарынан өзінің қорғалу құқығын өзі жүзеге асыра алмайтын адамға, қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамға, міндетті қосымша жазалау ретінде мүлкті тәркілеу, арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныптан және мемлекеттік наградалардан айыру, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, Қазақстан Республикасының шегінен тыс қаржы жерге шығарып жіберу қолданылуы мүмкін адамға қолданылмайды.

Гүлжихан САФИТОВА,
аудандық соттың төрайымы



Атаның өсиеті

Асылық жасаған наданға,
Жақсылық жасадым әман да.
Зиялы доспын мен, адал да,
Зияным тимейді еш адамға.

* * *

Сусын мен ас ішпе талғамай,
Қу, сұммен дос болма
таңдамай.
Өзіңді зор тұтпа аңдамай,
Сөзіңді сөйлем талдамай.

* * *

Тарынба кеміске мұңайып,
Барына қанағат қылайық.
Парқыңнан айыра ашкөздік,
Өр кінәң – жүз өсек, мың айып.

* * *

«Қиялы» наданның қырын-ақ,
Зиянын білсе де, ұрынбақ.
Есірдім демейді, құрымдап,
Кесірдің құлы боп, құрымақ.

* * *

Әманда ұқ соны жамағат,
Сараңда болмайды қанағат.
Адалды жемқор, нас қанамақ,
Адамды қасқырша таламақ.

* * *

«Гәйіп қыл» ішкен нас қызады,
Ғайыптық өмірді бұзады:
Шарапқа содан жұрт ызалы,
Сарапта, қай «қызық» ұзады?!

* * *

Пендеде нысап жоқ, тойым да,
Сен неге шырмалдың ойыңа?
Зорлама нәпсінді «тоюға»,
Көр ғана «шақ» болар бойыңа.

* * *

«Іс-сазын өнеге қылам», -деп,
«Ұстазым, ойыңнан шығам», -деп.
Сенімде болса да, шәкіртім,
Менің де түзейтін кінәм көп.

* * *

Алданба табысқа, бала, тым,
Алдыңда қамал көп алатын.
Еңбектен! Бақытқа жеткізер,
Еңбек пен білім – қос қанатың.

* * *

Жарқыным, болма тым
ұрыншақ,
Өр күнің есепте, ғұмыр – шақ.
Көзіңнің қарашы қырын сап,
Өзіңнің ісің көп, қыбын тап.

* * *

Өрқашан бола ма сәттілік?!
Жалғасаң, өз сәтін тапты үміт.
Бірлік ет, шеттемей аптығып,
Тірлік ет, еңбектен сәтті күт.

Әлібай ТАБЫЛДЫ,
педагогика
ғылымдарының докторы,
профессор

Ескіден жеткен есті сөз

Бір мүсәпір жар жағалап келе жатса, жайылып жүрген түйелерге кезігеді. Араларынан жүріп өту үшін әлгі адам қолындағы таяғын түйелерге лақтырып қалса, ол бір түйенің көзіне тиіп, ағызып түсіреді. Бәрін көріп тұрған түйеші:

– Құнын бер! – деп тап береді. Мүсәпір тұра қашады. Қашып келе жатып, жардан секіреді. Ал, оның астында көлеңкелеп отырған бір қарт бар екен, үстіне жар құлап, табан астында мерт болады. Енді оны қарттың баласы қосыла қуады. Қашқан байғұс суға тіреліп, жағада тұрған қайықшыға:

– Ағатай, арғы бетке өткізіп сал, бір асым ет берейін, – дейді.

Қайықшы өткізіп салады. Бірақ, мүсәпірдің оған берерліктей еті қайсы? Алданған қайықшы жағасына жармаса түседі. Бұлар алысып жатқан кезде арттағылар да же-

ЕСКЕЛДІНІҢ ӘДІЛДІГІ

теді. Біреуі – түйесінің көзін, екіншісі – атасының құнын, үшіншісі – қайығының пұлын даулайды.

Қайықшы айтады:

– Берерің болмаса, балтыр етіңді кесіп бер, – дейді. Бәрі дағдарып, дауласып, Ескелді биге келіп жүгінеді.

Ескелді сонда түйешіге айтады:

– Әй қарағым, сондай жерге мен бір түйе қояйын, сен таяқ лақтыр, егер көзін ағызып түсірсең, сол түйенің көзі емес, өзін ал. Тигізе алмасаң, пәлекор есебінде жазаланасың! – дейді. Өрі ойланып, бері ойланған түйеші «қой құрсын» деп тайып отырыпты.

Ескелді мерт болған қарттың баласына қарап:

– Қарағым, мен мына мүсәпірді жардың астына жатқызып қояйын, сен желке тұсынан келіп секір. Егер сен жарды құлатып, осыны басып өлтірсең, құнын мен төлеймін. Өлтіре алмасаң, өзің өлесің! – дейді. Өрі-бері ойланған бала да жөніне кетеді.

Ескелді енді қайықшыға айтады:

– Балтырынан ет сұрапсың ғой, артық-кемі жоқ бір асым ет кесіп ал. Егер бір мысқал иә артық, иә кем шықса, басыңды шабамын! – дейді.

Қайтіп дәл кессін, әрлі-берлі ой тоғытқан қайықшы да дауласуын доғарып, өз жөніне кетіпті.

Қаз қалпында

Қиындықтан қаймықпаған қайсар жан



Дүниеге келген адамдардың бірі-не аста төк байлық, мансап берілсе, екіншісі бейнетке белшесінен батады. Бұл ащы да болса шындық. Біреуге дүние мұң, біреуге саулық мұң, дегенмен, денсаулығым жарамайды деп, әркімге қол жайып, мұңын шағып жүрген кембағал жандарды да көп көрмелпін. Сондай қайсар жандардың бірі ауылда-сым – Гүлсім Нәсіпқалиева.

«1988 жылы 26 қазанда дүние есігін ашқан Гүлсімім тіптен ерекше болып туылған-ды,-деп еске алады Салиха апай. – Сәбиіміздің он екі мүшесі түгел, дені сау болып туылғанына қатты қуанған едік. Бірақ, қуанышым ұзаққа бармады. Оның мүлдем естімейтінін білгенімізде әкесі Рахметолла екеуіміз қиналдық, болашағына қатты алаңдадық. Бар жағдайын жасауға тырыстық. Мейірім,

шапағатымызды аямадық. Өсе келе, Орал қаласындағы ерекше балаларға арналған мектеп-интернатта оқыды. Онда қызым әріп танып, сауатын ашты, сонымен қатар, шаш қию, киім тігу, аспаздық сынды мамандықтарды меңгерді. Қазір сол жұмыстармен айналысып жүр».

Иә, мен әңгімелескен сонау бір кезде Гүлсім үйренгенін кәдеге асырып, шаш қиюды кәсіп қылып жүрген еді. Есту қабілетінің жоқтығынан III топтағы мүгедек атанған ауылдас сіңлімді анасы мен бауырлары өз алдына, кәсіпкерлер палатасы аудандық филиалының төрайымы Бибігүл Жұмағұлова да қолдап, кәсіби шаштаразға қажетті арнайы чехмоданды тарту еткен болатын. «Қырсық бір айналдырса, шыр айналдырады» дейді

ғой үлкендеріміз. 2013 жылы анасының қан қысымы жоғарылап, қол-аяғы жансызданып, төсекке таңылды. Гүлсім өз бақытын тауып, шаңырақ көтеріп еді, ол да сәтсіз аяқталды. Бүгінде бастауышта оқитын еліктің лағындай Зәмзәгүлі анасының қолғанаты. Сүп-сүйкімді ботақанды анасы мен ауылдастары, яғни, Гүлсім мен оның клиенттері арасындағы делдал, аудармашы деуге болады. Анасының қас-қабағына қарап, айтқанын екі етпейді. «Анам мен әжем қуансын деп сабағымды жақсы оқып жүрмін. Оларды ренжеткім келмейді. Және өскенде дәрігер боламын», – дейтін кішкентай Зәмзәгүлдің арманы – анасының кәсібі дөңгеленіп, әжесінің құлан-таза жазылуы.

Гүлсімнің әкесі ұзақ жыл шофер, механик болған марқұм Рахметолла ағаның денсаулығы сыр беріп, қос жанарынан айырылғаны да кейіпкерімізге оңай тимепті. «Ерлік білектен емес, жүректе» екені рас-ау, сірә. Ол қара шаңырақта бауыры Жасұланмен анасын аялай бағып, баладай мәпелеп отыр. Анар, Қырмызы есімді апалары бір-бір шаңырақтың отын жағып отырған келіндер болса, үйдің кенжепайы Асылан отбасымен Орал қаласында тұрады.

Қиындыққа қайыспай, бейнетке мойымай жүрген Гүлсімдей қайсар қыздың әр ісі «Мен көнемін тағдырдың таяғына, жетістікке жетемін аяғында» деп сайрап тұрғандай көрінеді.

Екатерина МӨКЕШЕВА,
Бисен ауылы

Қыз мұңы



Қателігімді қайталамандаршы

Мен ол кезде оқушы әрі ерке едім. Ата-анам қалағанымды әперіп, бетімнен қақпады. Не ішем, не киім деп басымды қатырған емеспін. Тіпті, кей кезде анамның сөзін теріс көріп, оған кереғар қылықтар істейтінмін. Сонда да қайран анам жаймен ғана «Қызым, мұның дұрыс емес» дейтін. Осындай қисықтығымнан еркелей жүріп от бастым. Өзім бала болсам да, жігітпен жүріп, махаббат сезіміне бөлендім. Сөйтіп жүргенімде үлкен ағаттық жасадым. Жүрегімнің астында бір періште өмірі жанданып еді. Алғаш сезгенімде қатты қиналдым. Ата-анамнан да, сүйген жігітімнен де қашқақтай жөнелдім. Мені күні-түні «Болашағым не болады?» деген сауал мазалады. Мектепті бітірісімен оқуға түсемін, кейін белді маман боламын деген жоспарымның күл талқаны шықты. Келешегім бұлыңғыр тартты. Алға қадам баспай, өмірмен қоштасқым келген сәттер жиі орын алды. Шешімін таба алмай, дал болдым. Ешкімге сырымды ашқым келмеді. Айналамдағылардың алаңдаулы сұрақтарына «Бәрі де жақсы» дейтінмін. Қашқақтағанымға шыдамы таусылған жігітім бірде сұрақтың астына алғанда барлығын жайып салдым. «Ештеңе етпейді, ендеше ертерек үйленеміз» деп өзі кесіп айтты. Содан көңілім бірленгенімен, ата-анам тіке қарауға дәтім бармады. Арада аз ғана уақыт өткенде кәмелеттік жасқа толмай бір шаңырақтың келіні атандым. Бәрі де құшақ жая қарсылады, кішкентай деп қамқорлайтын. Алайда, уайыммен өткен күндер іссіз қалмады. Ең өкініштісі, ол періште сәбиіме көрінді. Нәрестем туа бітті айықпас дертке шалдықты. Оған қарай отырып, «мен теріс қылық істемесем, Құдай менің баламды сау етіп берер еді ғой» деген өкініш әлі күнге дейін өзегімді өртейді. Бәрі бар-ау, бауыр етім баламның өз аяғымен жүгіріп, жайрандап күлуіне зар болып қалдым.

Оқырманның аяушылығын оятайын дегенім жоқ, бұқаралық ақпарат құралдарынан кәмелетке толмай ана атанып жатқандардың қатары жыл санап көбейіп жатқанын естіп, қолыма қалам алдым. Қырмызы қыздар менің тағдырымнан сабақ алып, оқыс қадам жасамаса деген тілегім бар. Олар ерте есеюге тырысып, өмірлеріне балта шаппаса екен және олардың күнәсін кінәсіз шараналар тартпаса екен. Иә, әр жазған жолым «екен» сөзіне аяқталып, үмітімді жалғап тұр. Ендеше, абыройын ойлап, ата-ананың үмітін ақтар қаракөздеріміз көп болсыншы.

ЖАЙНА

Аға буынның ақылы

«АҚЫЛ МЕН СЕЗІМДІ ТЕҢ ҰСТА»



Жазушы Әзілхан Нұршайықовтың есімі сүйікті оқырмандарына жақсы таныс. Жазушының қазақ жастарына айтқан өсиеттері де бар. Осы орайда, оны жас оқырман қауымға ұсынуды жөн көріп отырмыз.

Ұлдар! Алдымен, сөзімді сендерге арнаймын. Менің сендерден тілерім мынадай: – Арақ ішпеңдер, айналайындар! Арақ – азаматтың жауы, халықтың, қоғамның дұшпаны...

Жігіттер, қастарыңда отырған қыздарды құрметтендер, мәпелендер. Алақандарыңа салып әлпештендер. Қыздың жанын қинамандар!

Қыз – болашақтың анасы. Қыз – алдағы ұрпақтың әжесі. Анаңды ардақтап, әжеңді құрметтесең – қызды сыйла, қарағым.

Қыздар! Жандарыңда жүрген жігіттерді ақылмен, әдептілікпен, сыпайы мінезбен, сүйкімді назбен тізгіндей біліңдер. Жігіттердің жұлқынған асау жүрегін адамгершілік асыл қасиеттермен бұйдалап алып, оларға айтқандарыңды істетіңдер: арақ ішкізбеңдер, айқайға жуытпаңдар. Оларды түнгі он екіде мас боп ресторанның қайтып, тынымдап жатқан жұрттың сырқын бұзып, терезесінің түбінен текедей бақылдап өлең айтып өтпейтін етіңдер. Өйткені, қыз жетектесе ілеспейтін, қыз қиылса көнбейтін жігіт жоқ бұл дүниеде. Ақыл анадан тарайды, адамгершілік әйелден басталады, қыздан – қылық, тәрбие, тәлім туындайды. Өздеріңе табиғат сыйлаған осы бір өзгеше өнерлеріңді қастарыңда қаумалап жүрген жігіттерге игі әсер етуге жұмсаңдар. Жігіт – жаныңда жүрсе жолдасың, жауға жұмсаң – жолбарысың. Жігіт – ортада жүрсе орманың, шетке шықса қорғаның. Қорғаның, қамалың сенің! Жігіттерден жылы күлкі, жұмсақ әзілдеріңді аямандар. Бірақ, оларды жұрт көзінше сүйісіп, сүйкенісіп тұруға үйретпеңдер! Жарбаңдатып, жабыса құшақтатпаңдар. Адамның асыл махаббат сезімін ардақтап, бүркеп, қымтап ұстауға баулыңдар. Нәпсісін тыйып, намысын биік ұстауға тәрбиелендер. Сөйтіп, олармен тату дос, қимас құрбы болып өсіңдер, шырақтарың!

Өмірдің қызық ләззаты – адал достық, айнамас қамқорлық, асыл махаббатта екенін әрқашан да естеріңде сақтаңдар.

Қыздар!

1) Егер сүйген жігіттеріңе сүйікті жар боламын десендер, еңбекшіл болыңдар!

2) Егер ата-енеге қымбатты келін боламын десендер, еңбекшіл болыңдар!

3) Егер ертең шәкірттеріңе үлгілі ұстаз боламын десендер, еңбекшіл болыңдар!

4) Өздеріңді алақанға салып әлпештеп отырған қоғамға адал перзент, асыл азаматша боламын десендер, еңбекшіл болыңдар!

5) Егер ертең егде тартқанда келісті ана, кемеңгер әже боламын десендер, еңбекшіл болыңдар!

Әдемі болыңдар, әсем болыңдар! Сонымен бірге ақылды болыңдар! Сұлу болыңдар, сымбатты болыңдар! Сонымен бірге саналы болыңдар! Ең алдымен, еңбекшіл болыңдар! Еңбекшіл адам – ең ардақты адам. Дүниеде ең сұлу әйел – еңбекшіл әйел. Еңбекшіл әйел – ерге сүйікті, елге сүйкімді, отбасыға сыйлы.

...Өнді қыз өтімді қыз болғанымен, түптің түбінде есті, еңбекшіл қыз ғана жақсы жігітті өкіндірмей ең асыл жар, жан серік бола алады.

Қыздар! Ұйқышыл болмандар, ұмытшақ болмандар, ұрысқақ болмандар! Инабатты болыңдар, ілтипатты болыңдар, ұйымшыл болып өсіңдер!

...Апиын ішкендей елтіп, сәнге еліктей бермендер. «Жылтырағанның бәрі алтын емес» дегендей, жарқырағанның бәрі бірдей сән емес. Олардың ішінен тек өз бойыңа қонымдысы, өз денеңе жарасымдысы, сырт көзге де оғаш көрінбейтін ұнамдысы ғана сән. Ендеше, өздеріңе не жарасып, не жараспайтынын біліңдер.

Көрсен қызар болмандар! Қол жетпес-

ке тыраштанбаңдар! Құр сәнқойлықтан сақтаныңдар. Сананы сәнге емес, сәнді санаға бағындырыңдар.

Қыздар! Желкілдеген жеңілтек болмандар! Желпілдек қызды жебір жігіттер жентектеп ауыздарына бір-ақ қылғыта салуға құмар келетінін ұғыныңдар, ұмытпаңдар... Сабырлы болыңдар, салиқалы болыңдар, салауатты болыңдар, қарақтарым!

Қыздар! Сұқ көзден сақтаныңдар. Сұлу сөзден сақтаныңдар. Шынайы махаббат мақтауды қажет қылмайды. Орынсыз мақтаудан сақтаныңдар, абыройдан аттаудан сақтаныңдар!

Пәк болыңдар! Пәк болу үшін сақ болыңдар, бауырларың! Алайда, қазір сендердің жігіттерден көз алмайтын, жігіт жаққа қарайлап көп қарайтын шақтарың ғой бұл кез. Қарағанда олардың сыр сиқына, киген киіміне, ресторанда қалталарынан шытырлатып шығарған ақшаларына қарамаңдар, қарақтарың. Өнді қыздың бәрі жөнді қыз бола бермейтіні сияқты, жылтырағанның, жымындағанның, жылпылдағанның бәрі бірдей жақсы жігіт бола бермейді. Жаман жігіт болмағанымен, жақсы жар бола бермейді. Сондықтан жігіттерге қарағанда олардың ішкі дүниесіне үңіліңдер, адамгершілік, азаматтық сапасына көз жүгіртіңдер...

...Жігіт таңдағанда көңіліңнің қос қанаты ақыл мен сезімді тең ұста. Тек сүйген жанға ғана қосылу қажет, қосылған жігітіңді өмір бойы сүйіп өтетініңе кәміл сенімің болсын. Өзімшіл, өркөкірек жігіттердің өкінішке ұрындыратынын ұмытпаңдар. Жаман жолдастан жалғыздық жақсы...

Дайындаған Айша АСҚАР

Мерейлі отбасы

Ағаш тамырымен, адам отбасымен мықты. Мәуелі бәйтеректей ұрпағымен жайқалған әулеттің тамыры тереңге бойлаған сайын, нәр алып, қуаттанып, биікке өрлей береді. Жан-жағына мейірімнің лебін есіп, әсемдіктің сәулесін шашқан сондай жандардың шат-шадыман тойына куә болған едім жақында. Мен әңгімелегелі отырған жанұяның қазыналары, яғни, ақсақалы Халел Әбуов сексеннің сеңгіріне шықса, жұбайы Айымжамал Қайноллаева мерейлі жетпіс жасқа толды. Бүгінде ару қала Алматыда тұрса-дағы, қуанышты күндерін туған өлкесі Оралда «Ақ босаға» мейрамханасында атап өтуді жөн көріпті. Жерлестерімізге деген зор құрмет пен шынайы лебізін аманаттаған аудан басшысы Нұрлан Сағынтайұлының құттықтау хатын оқып, табыстадым. Ендеше, әңгімемнің әлқиссасын Әбу ақсақал мен әзиз ана Сақыпжамал апайдан бастағаным жөн шығар.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында халқымыздың тарихын, кене салт-дәстүрлерін, мәдениетін қайта жаңғырту, жас ұрпаққа ата-бабалар дүниетанымын насихаттап, дәріптеп, жас ұрпаққа жеткізу қажеттігін айтты. Осы орайда, ақ адал еңбегімен халқына қалтқысыз қызмет еткен, қоғам алдында айрықша орны бар жерлестеріміз жетерлік. Бисен ауылдық округіне қарасты «Қарой» елді мекені жайлы, ол жерде өскен текті, өнегелі ұрпақтар жөнінде бір кітап жазып шығуға болады.

Жазық далада орналасқан «Қарой» бұрынғы Орда ауданы «Жігер» колхозының мал шаруашылығы өркендеген қасиетті жері. Мұнда колхозшылар: Ұлы Отан соғысының ардагері Әбу Көшенев ақсақал мен әжеміз Сақыпжамал Мырзабаева еңбек етті. Әбу ақсақал өте салмақты, сөзі иланымды, білгір, шебер, бес уақыт намазын қаза етпеген жан еді. Ол: «Колхоздың малын бақтық, түні бойы өзіміз күзетеміз, қасқыр көп болды. Көкжалдардың малға таң біліне өршелене шабуы бізді әжептәуір алаңдатты. Сонда да шашау шығармай, колхоз малын күтіп-бақтық», — деп әңгімелеуші еді. Міне, бұл адамдар мал шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосты. Сақыпжамал апай қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Партия мүшесі, ауылдық советтің депутаты, ел алдындағы беделінің арқасында ұзақ жылдар Жетібай ауылдық кеңесінің төрағасы болды. Сақыпжамал апай да сөзге шешен, өнерге, әдебиетке, шығармашылыққа жақын еді. Әсіресе, қазақ-совет тұңғыш атты әскер полкінің комиссары, ақын Бисен Жәнекешевтің өлеңдерін түгел жатқа айтатын. Сол өнер ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып өке қанымен, ана сүтімен дарыды. «Бисен» совхозы партия комитетінің хатшысы болған кезімде (1980 жылдары) Сақыпжамал апайға «КПСС қатарында — 50 жыл» төсбелгісін өз қолыммен табыстағанмын.

Әбу ағай мен Сақыпжамал апайдың отбасынан өрбіген екі ұлы мен үш қыздың, олардан тараған ұрпақтардың парасаттылығын ерекше айтқым келеді. Үлкен қызы Рабиғұлдың әншілік таланты керемет, жолдасы Хайдар Ғұмаров Ұлы Отан соғысының ардагері, шебер күйші-тұғын. Олардың ұлы заң ғылымының кандидаты Ғаният Насыров «Астана-Тұран» университеті құқық кафедрасының доценті міндетін атқарды, Парламент Сенаты аппаратында қызмет етті. Рабиғұлдың інісі Қадер мен оның зайыбы Меруерт — елдің мүддесі үшін аянбай еңбек еткен тұлғалар. Олар үш ұл, үш қыз тәрбиеледі.

Қадер — 1956 жылы Бисен МТС-на жаңадан әкелінген шынжыр табанды «ДТ-54» тракторын алғаш тізгіндегендердің бірі. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл», «Еңбек ардагері» медалдарының иегері. Зайыбы Меруерт Арыстанғалиқызы облыстық, аудандық кеңестің депутаты болды. Өңіріне кеңестік I-II дәрежелі «Ана медалін» таққан ол 2010 жылы 10



Әбу ата мен Сақыпжамал әже

Туындылары бүгінде облыстық мұражайларда сақтаулы тұр.

Халел мен Айымжамал үш ұлынан он бір немере сүйіп отыр. Үлкен ұлдары Асылбек Әбуов Н. Э. Бауман атындағы Мәскеу жоғары техникалық училищесінің «Құрама іштен жанатын қозғалтқыштары» факультетін «инженер-механик» мамандығы бойынша бітірген. Қазіргі уақытта «Казтурбормонт» сервистік орталығы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Атырау қаласындағы филиалының директоры. Зайыбы Дина — бухгалтер. Ортаншы ұлдары Асыланбек те Мәскеудің автомобиль жолдары институтын тәмамдап, бүгінде Теңіз кен орнында еңбек етуде. Оның зайыбы Жаннат — Мәскеу авиациялық институтының түлегі. Кенже ұлдары өнер институтын бітірген Асқарбек жоғарыда

Елге әйгілі Әбуовтер әулеті



Қадер аға мен Меруерт апа

қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «Күміс алқамен» марапатталды. Қадер мен Меруерттің үлкен ұлы Нұрболат пен келіні Қырмызы және қызы Гүлжиян ұстаздар. Күйеу баласы Талапқали — мал шаруашылығы қызметкері. Екінші бір қызы Анаргүл Тараз қаласында құс фабрикасында істесе, оның жұбайы Рахымжан өрт сөндіруші. Ата-бабаның қонысында отырған Нұрман Қадерұлы — «Көшен» шаруа қожалығының жетекшісі. Қалампыр Қадерқызы аудандық кітапханада кітапханашы, (жолдасы Жайдарман Ақсайда жұмыс жасайды). Кенже ұлдары Самал Әбуов Х. Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының актері әрі бас режиссері. Ол үйдегі келін Эльмира Мақашева да осы театрда актриса әрі аудармашы, Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі.

Енді, Қадердің інісі, жоғарыда сөз болған Халел мен оның жан-жары Айымжамал Қайноллаева туралы әңгімелейін. Халақаң 1955 жылы Ордадағы М. Горький атындағы орта мектепті бітіріп, туған ауылында тракторшы болып еңбекке араласады. Кейін Алматының ауыл

шаруашылық институтына түсіп, инженер мамандығын алады. «Бисен» совхозында бас инженер, 1987-1997 жылдары аудандық ауыл шаруашылық басқармасында техника қауіпсіздігі инженері, бас инженері қызметтерін атқарды. Уақытпен санаспастан адал қызмет ете білген Халел Әбуұлы жемісті еңбегі үшін «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбек ардагері» медалдарын өңіріне тақты. Зейнеткер Әбуов 2009 жылы Меккеге барып, қажылық парызын өтеп қайтты.

Халелдің жан жары Айымжамал өнерден құр алақан емес әрі сөзге шешен. Оның анасы Түймеғаным апай да сөзге жүйрік, елге сыйлы, шешіретін болыпты. Алматы қаласындағы зоотехникалық-мал дәрiгерлiк институтының түлегі А.Қайноллаева «Бисен» совхозында мал дәрiгерi, бөлiмше меңгерушiсi, ауыл шаруашылығы жұмысшы-қызметкерлерi кәсiподағы аудандық комитетiнiң төрағасы, М. Мәметова атындағы совхоз парткабинетiнiң меңгерушiсi, аудандық экология комитетiнiң бастығы, 1994-2004 жыл-

дары БҚО Әділет басқармасының Бөкей ордасы аудандық АХАЖ бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Кейін облыстық Әділет басқармасының АХАЖ бөлімінде істеді. Ол бөкейліктердің есінде ауданның экологиялық бағдарламасы мен картасын жасақтаушы маман, антиядролық «Нарын» қоғамдық қозғалысының белсендісі ретінде қалды. Оның бір топ бөкейлікпен бірге іргеміздігі «Капустин Яр» әскери сынақ полигонында «РСД-10» ракеталарының жойылуын көзімен көргенін жұрттың бәрі біледі. 2005 жылы құрметті зейнеткерлік демалысқа шықты. Әділет органдарындағы нәтижелі қызметі үшін ҚР Әділет министрлігінің «Әділет органдары жүйесін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісін иеленді.

Айымжамалдың танымал қолөнер шебері екенін де баяндауды жөн көріп отырмын. Ол көптеген аудандық, облыстық қолөнер көрмелеріне қатысты.

айтқанымыздай, алдыңғы буын ата-әжелерінің жолын жалғап, шебер ұста атанып, зергерлікпен айналысып жүр.

Халел ақсақалдың қарындасы Қамария — Алматы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының музыка факультетінен түлеп ұшқан кәсіби музыкант. Жолдасы Нариман — құрылыс саласында прораб. Қызы Нұржиян Өзбекстан Республикасы Ташкент электротехникалық байланыс институтының «Автоматтық электробайланыс инженері» бөлімін бітірген, күйеу баласы Ерсайын Күншығаров — агроном.


Міне, Әбу ақсақал мен Сақыпжамал апайдан өрбіген ұрпақтың әрқайсысы бүгінде іргелі шаңыраққа айналды. Еліміздің ертеңі осындай мерейлі де бірлігі асқан отбасылармен жарқын болмақ. Әулеттегі жақсылықтар еселеніп, ынтымағы арта берсін деп тілейміз.

Чарльз ҚОЙШЫБАЕВ,
еңбек ардагері, ауданның
құрметті азаматы,
Сайқын селосы



Тәрбие мал бесіктен

Қыз – болашақ ана



Елбасымыз Н. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» деп атап көрсетті. Ұлттық рух атадан балаға берілмеген, қалыптаспаған болса, ол қалай сақталады? Ол ұрпаққа қалай беріледі? Ал, отбасының ұйытқысы – ана. Қазақ қыз баланы болашақ ана, ұлттың ұрпағын өсіруші, тәрбиешісі санаған. Төрінен орын беріп, ізгілікке баулыған, үлкен үміт артқан. Әрине, тұрмыс жайға байланыс-

ты, жат-жұрттық, теріс ағымдардың ықпалымен кейін кимелеп, жағымсыз салттардың сыналап кіргені, дәстүрге айналғаны рас. Кеңес дәуірінде әйел теңдігі деп ұрандатып, асыра сілтеп жіберген тұстар да болды. Енді, міне, егемендікке қол жетіп, жақсы-жаманды екшеп, тозығын тастап, озығын дәріптейтін заман туды.

Осы жайды ескерген Жетібай елді мекеніндегі кітапхана меңгерушісі Гүлназ Құспанғалиеваның ұйымдастыруымен аталмыш мәдениет ошағында «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында әңгіме сағаты (диспут) оздырылды. Оған ата-аналармен қатар каникулда жүрген жоғары сынып оқушылары да қатысты. Шарада бойжеткендерді балғын шағынан инабаттылыққа, үлкенді сыйлап, кішіні қамқорлауға, ар-ұятты сақтауға, үй шаруасына араласуға, жақсы-жаманды ажырата білуге баулу кеңінен сөз болды. Мысалы, Айжамал Насимова өз ойын:

Қыз емес, қыздың аты – қызыл алтын,
Көрінер туған айдай жүзі жарқын.
Үлкеннің алдын орап, сөз сөйлемес,
Халқының сақтай білген ізгі салтын, –

деп шырқалатын белгілі ән жолдарымен аяқтаса, Асылай Жұмасбаева мен Қаракөз Меңдібаева да қызықты пікірлерімен бөлісті.

– Анадан ақыл-кеңес алып өскен қыз көрегенді болады. Соны деп жаңалықтарға жаппай еліктеуден аулақ. Ғаламтордағының бәрі біздің қалпыңызға келе бермейтіндігін әркім де ескеруге тиіс. Үкілеген үміттеріміздің «Қазақ қызы» деген атқа лайықты болуына ауыл болып атсалысайық, – деп қорытындылады кешті ұйымдастырушы Гүлназ Салахеденқызы.

Әли ДӘУЛЕТОВ,
Бисен ауылдық округі

Мектеп – кеме, білім – теңіз

Бағалы кітап тарту етілді



Ұлымыз Кенесары Сатқанғали биыл алғаш рет мектеп табалдырығын аттап, Жәңгір хан атындағы орта мектептің 1-сыныптың есігін ашты. Алғашқы қоңырау салтанаты ойдағыдай өтіп, мектеп формасын киіп, білім теңізіне жаңа қадам басқан балдырғандарға

мектеп басшылығы Елбасы Н. Назарбаевтың сыйлығын табыстады. Сыйлық болғанда қандай! Ол – «Менің Отаным – Қазақстан» атты көлемді кітап.

Қорапқа салынған кітаптың пішіні киіз үйді бейнелейді. Бетінде шаңырақтың суреті бар. Бұл бетті ашқанда осы кітап жобасының авторы Элеонора Баталова екенін көреміз. Келесі бетте, Елбасының суреті және оның шәкірттерге арнаған білімнің пайдасы жөніндегі ұлағатты сөздері көрініс тапқан. Оқушы өзі білім алатын тілінде еліміздің мемлекеттік рәміздері, Отанымыздың тарихы, атақты тұлғалары, көпұлтты халқы, салт-дәстүрі, фауна-флорасымен, Елордамыз – Астана, Алматы сынды шаһарлар және облыстарымен жіті танысады. Әр беті бір тақырыпқа арналып жазылған. Батыс Қазақстан облысы туралы деректің ішінде Кіші Отанымызға көбірек орын берілгендігіне марқайып қалдық. Нақтырақ айтсақ, Ор-

дада 1841 жылы тұңғыш мектеп ашылғандығы, ауданымыздан шыққан атақты тұлғалары туралы мәлімет беріліпті.

Ұрпақ – ел болашағы. Ал, білімді, дарынды ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі екенін ескере отырып, кітаптың соңғы жағында Қазақстан бойынша талантымен таныла білген балалардың фотосуреттеріне қоса олар туралы ақпараттар бар.

Мұндай үлгіні көрген әрбір бала білімге ұмтылып, өмірде өз жолын табуға, сондай жетістіктерге жету-ге талпынары сөзсіз. Кітапта мемлекеттік мейрамдарымыз және басылымда кездесетін таныс емес сөздерге түсінік те беріліпті. Сыртқы безендірілуімен көздің жауын алатын кітаптың мазмұны да бір шағын энциклопедияға татиды. Осындай мән-маңызы зор тартуды біздің бүлдіршіндер тіімді пайдаланар деген сенімдемін.

Назымгүл ОРАЗГЕЛЬДИЕВА,
Хан ордасы ауылы

Жұмыспен қамту орталығында

Басшы өзгерді

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ш. Т. Абдоллиннің 4 қыркүйектегі №2 бұйрығымен Бөкей ордасы ауданы халықты жұмыспен қамту орталығының директоры лауазымына Исатай Әлиұлы Оз тағайындалды.

Исатай Әлиұлы 1988 жылы туған. Білімі – жоғары. 2009 жылы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетін мұнай газ-ісі, 2012 жылы Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетін заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңбек жолын 2009 жылы жастар тәжірибесімен аудан әкімі аппаратында іс-қағаз жүргізуші болып бастап, аудан әкімдігінің «Орда-су» МКК-ның басшысының міндетін уақытша, инженері қызметтерін атқарды. 2011 жылдың қараша айынан бері аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының маманы лауазымында.



Фотообъектив айыптайды

Бұл көзге қораш суреттер өзге емес, өзіміздің ауылымызда түсірілген. Ортасынан қақ бөлінген өткеншектер, торы жыртылып, тесілген футбол қақпасы, бір жағына қисайып, сынуға шақ қалған айналмалы темір есік...

Балалар үшін әдейілеп орнатылған дүниелерге тұрғындардың салғырт қарауы арқаға аяздай батады. «Бұған кім кінәлі, неге мұндай төртіпсіздікке барды деп бас қатырсақ та, ел игілігі үшін жасалған дүниені бүлдірушілер істеген істері үшін сан соғып өкінбес те. Өйткені, өзінің жекесі емес, қоғамдық мүлікті қирату – ақылы таяз адамның ғана ісі.

Кеше салынғанды бүгін бүлдірді

Сәкен Сейфуллин көшесіндегі мына футбол алаңының (бисендік жеке кәсіпкер Ермак Меңдешевтің тартуы) пайдалануға берілгендігіне көп бола қойған жоқ. Әу бастан «Балаларымыз доп тепсін, шынықсын, шымыр болсын» деген ниетпен тұрғызылған нысанның қазіргі кейпі осындай. Қақпаның торы ортасынан тесіліп,



үңірейіп қалыпты. Аяқдопшылардың жойқын соққысынан қақпаның торы жыртылды деуге тағы келмейді...

Ал, балалар алаңындағы (оралдық жерлес кәсіпкер Қуаныш Бірмановтың сыйы-тұғын) бұл өткеншектерді сындырған кім? Бар-жоғы екі айдың ішінде «әлдекімдер» сәбилер асыр сала ойнап жүрген құрылғыларды ортасынан қақ бөліп, тіпті, есікті де жұлып алып, беттері бүлк етпестен сол маңға тастай салыпты.



Ол ол ма, жұрт аяғы саябырсып, қараңғы таянған уақытта кей «жастарымыз» осын-да келіп, сыра ішетіндігін де естіп білдік. Балалар алаңына келіп, ішімдік ішкенің, қай сасқаның...? Бұндай төртіпсіздік шетелде орын алса, бұзақы баяғыда-ақ тиісті жаза-сын алған болар еді.

Иә, сөзбен түзеп, көзбен тәрбиелеген халық едік... Әр ата-ана ұл-қызын ойын алаңдарын ұқыпты ұстауға, қоғам алдындағы жауапкершіліктерін сезінуге үйретсе игі. Салмақтарының ауыр екеніне қарамастан өткеншектерге жайғасып алатын үлкендер қауымы да айналаға қамқорлықпен қарауды естен шығармаса екен.

Арайлым ӘЖІҒАЛИЕВА,
Сайқын ауылы

Тазалық – денсаулық кепілі

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша битшендік (педикулез) әлемде ең көп таралған паразиттік ауру саналады. Ол қайдан пайда болады? Биттер – адамнан адамға жеңіл жұғатын, ұсақ, қан сорғыш жәндіктер отрядына жатады. Битшен адаммен қарым-қатынаста болғанда, оның шаш тарайтын тарағын, бас киімін пайдаланған кезде жұғады. Қалай жұққанын болжау мүмкін емес. Бит адамның бас терісінде, әсіресе, шекеде, самайда, желкеде, қаста, тіпті, сақал-мұртта кездесуі мүмкін. Оның бір белгісі – бит тістеген жер қышиды. Бала оны қайта-қайта тырнай

қарым-қатынастағылардың барлығы қадағалауға алынады. Дер кезінде емделмесе, ауру созылмалы түрге айналуы мүмкін. Жұқпалы тері ауруларынан қорғанғыңыз келсе, өзіңіздің және жақындарыңыздың жеке бас гигиенасын сақтауын қадағалаңыз.

Алдын алу шаралары: микроспориямен ауырған бала толық сауыққанға дейін мектепке, балабақшаға бармауы тиіс. Санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтау қажет (жеке бас киімді, киім-кешекті, тарақты, жуыну жөкесін т.б., заттарды жеке пайдалану). Балаларға

ПЕДИКУЛЕЗДЕН САҚ БОЛ

береді. Нәтижесінде ол жер қабыршақтанады. Бірнеше күннен соң бөртпе пайда болады. Биттеген бала жайсызданып, бір орында ұзақ отыра алмайды. Шашта сірке пайда болады. Лимфа бездері қабынуы мүмкін (лимфаденит).

Битшендіктің алдын алу үшін балаға өзін-өзі таза ұстау қажеттігін түсіндіру маңызды. Бастысы, апта сайын моншаға түсу, киім-кешек пен төсек орынды ауыстыру, шашты қиып-тарау, жеке тарақты пайдалану, балалар ұжымдарына баратын балалардың шашы мен киімдерін, сондай-ақ, ұзақ жолсапардан оралған отбасы мүшелерінің де жеке бас тазалығын тексеру. Педикулез туралы балаларға қарапайым тілмен толық мағлұмат беру керек. Педикулездің де ауру екендігін, өздігінен емделіп-жазылмайтындығын, онымен күресу керектігін ұғынған абзал.

Микроспория (қарапайым тілде теміреткі) – балаларда кездесетін ең көп таралған саңырауқұлақтық ауру. Бұл ретте, ауру теріні немесе бастың шашты бөлігін зақымдайды. Аурудың көзі – науқас адам немесе жануар (мысық пен ит). Алғашқы белгілері: ақшыл-қызғылт таңғылдақтар қабыршақтанып, үлкейіп, әр түрлі формалы болып келеді. Жара аздап қыши бастайды. Зақымданған тері қызарып, кейде іріңдейді. Іріңдеу көбінесе бастың шашты бөлігінде кездеседі. Басқа теміреткі шыққан жағдайда, науқас ем қабылдай жүріп, жұқа мақтадан тоқылған орамал тағуы қажет. Теміреткі денеге шыққан кезде киім-кешектерін, төсек-орнын міндетті түрде залалсыздандырып отыруы шарт. Науқас адаммен киім алмастырып киюге болмайды және

қаңғыбас мысық-иттерді ұстауға, қолдағыларды төсек-орынға алып жатуға рұқсат етпеңіз. Үй жануарларын ұстаған жағдайда, қолды сабынмен жуып, тырналған жерлерге 5% йод жағып, киімді ауыстырып, шешілген киімді суға қайнатып немесе ыстық үтікпен үтіктеу керек. Үй мысықтары мен иттерді сабындап жуындыру, оларда бүргелердің пайда болуына жол бермеу, маусым сайын міндетті түрде мал дәрігеріне қарату қажет. Теріде немесе баста қабыршақталған дақтар пайда болса, дереу дерматолог дәрігерге қаралыңыз.

Қышыма – кенемен таралатын паразиттік ауру. Ауру көзі – науқас адам. Жұғу жолдары: тікелей – қоздырғыштың ауру адамнан сау адамға жұғуы; жанама – қоздырғыштың жеке пайдалану заттары арқылы жұғуы (жуыну жөкесі, сүлгі, ақжайма).

Аурудың алғашқы белгілері оны жұқтырғаннан кейін 7-10 күн ішінде білінеді. Тері қышуы, әсіресе, түнге қарай күшейеді. Саусақ аралары, мықынның жоғары жағы, буын бүгілістеріне, қолтықтасты маңы, кеуденің бүйір жағы, бел мен бөксе маңайы қышиды.

Алдын алу шаралары: қышымамен ауырған балалар толық сауыққанға дейін мектепке, балабақшаға бармауы тиіс. Санитариялық-гигиеналық ережелерді сақтау қажет (жеке бас киімді, киім-кешекті, тарақты, жуыну жөкесін т.б. заттарды жеке пайдалану). Бөртпелер пайда болған кезде дерматолог дәрігерге қаралу міндетті.

«Сақтансаң, сақтармын» деген, тазалық шараларын естен шығармайық, ағайын!

Меңсұлу БЕКТЕЛЕУОВА,
дерматолог дәрігер

Облыстық спартакиада

Төртінші орынға табан тіреді

Жастармен жұмыс жөніндегі облыстық ресурстық орталықтың ұйымдастыруымен жақында Орал қаласында жұмысшы жастар арасында IV жазғы облыстық спартакиада оздырылды.



18-35 жас аралығындағылардан (ерлер мен әйелдер) құралған 16 команда спорттың жағажай волейболы, шағын футбол, бильярд, үстел теннисі, эстафета, садақ ату, жеңіл атлетика түрлерінен сайысқа түсті. Оған біздің ауданнан жиырма адам қатысты. Шағын футбол ойынында аяқдопшыларымыз тоғызыншы орынға, жеңіл атлеттеріміз Ергазы Тілепов пен Орынгүл Сәменова, әйелдер арасындағы жағажай волейболынан Шынар Қажипанова мен Ағжан Жоламанова жетінші орынға табан тіреді. Бильярдқа қатысқан жалғыз спортшымыз Тілек Рамазан алтыншы орынды қанағат тұтты. Эстафеталық жарыс жолына шыққан Рашид Жоламан мен Анарбек Хамидоллин, Орынгүл Сәменова мен Айдана Сабырғалиева төртінші орынға көтерілді. Үстел теннисінен Айымбек Сапи мен Айдана Сабырғалиева жүлделі үшінші орынға шықса, садақ атудан Асылжан Тілекқабылов пен Ағжан Жоламанова сұр мергендіктерімен танылып, бірінші орынды иеленді. Сөйтіп, жарыс қорытындысында бөкейліктер 110 ұпаймен төртінші орыннан көрінді.

Жарыс жеңімпаздарына кубок, медаль, диплом және бағалы естелік сыйлықтар табысталды.

Ернар ШАКЕНОВ



ӨРТ ЖИІЛЕП ТҰР

Оттың өз-өзінен лап етуі екі талай. Күн қыздырған шыны сынықтарының құрғақ шөпті тұтатуы сирек болатын құбылыс. Кінәлі көбіне адамдар. Олардың салғырттығы мен салақтығы, бейқамдығы, сақтық ережелерін орындамауы. Қыркүйек айы басталар-басталмастан ауданымызда екі өрт тіркелді. 3 қыркүйекте Мұратсай ауылының Х. Чурин көшесіндегі №11 үйде тұратын П. Батырованың үюлі тұрған тайлап буылған 150 шөбі күлге айналса, 4 қыркүйекте Сайқын ауылдық округінің «Құмақ» қыстағы жағындағы 150 гектар жері өртенді. Алғашқысын өшіруге №17 өрт сөндіру бөлімі «АЦ-40» автокөлігімен барса, соңғысын округтегі ерікті өрт сөндіру құрамасы ауыздықтады. «МТЗ-80» тракторы, «УАЗ» көлігі, 10 адам қатысты.

Айтпақшы, тамыз айының 16-сында Саралжын, Ұялы округтерінде дала өрті

болып, «Қарасу» қыстағы маңынан 43, «Мұстахи» қыстағы маңынан 37 гектар жер отқа оранды. Мұндағы жалынмен арпалыста Ұялы (№49) өрт сөндіру бөкеті (басшысы Серік Садықов) жігіттері ерекше көзге түсті. Олардың «АЦ-40», «МТЗ-82», «Газ-53» техникалары түгел жұмылдырылды.

Өрине, жалын тілі сумаңдап, жолындағыны жалмап жатқанда кім қызықтап қарап тұрады дейсіз. Қай ауылдың да әкімдігі тұрғындарды тілсіз жаумен күреске жұмылдырып бақты. Әйтсе де, «ауырып ем іздегеннен гөрі, ауырмаудың жолын іздеу тиімді» екенін ескерейік. Сақтық шараларын орындасақ, мынадай әуреге түспес едік-ау. Кінәліге қатаң жаза қолданылса, сыннан қорытынды шығар ма еді?!

Максим ЕЛДОСОВ,
аудандық төтенше жағдайлар
бөлімінің аға инженері

«Шаңырақ» шығармашылық конкурсының ережесі

1.Жалпы ережелер

1.1. Журналистика саласында «Шаңырақ» шығармашылық конкурсын (бұдан әрі – конкурс) өткізуге арналған осы ереже (бұдан әрі – ереже) Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейінгі даму тұжырымдамасын іске асыру мақсатында, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 маусымдағы №837 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысына сәйкес әзірленген.

1.2. Конкурстың басшылығы:

1) конкурстың құрылтайшысы Қазақстан халқы Ассамблеясы (бұдан әрі – құрылтайшы) болып табылады;

2) конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Қоғамдық келісім» Республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мекеме) болып табылады.

1.3. Осы ереже конкурстың өткізілу тәртібін және жобаларды іріктеу өлшемдерін айқындайды.

2. Конкурстың мақсаты және міндеттері

2.1. Конкурстың мақсаты – этносаралық қатынастар тақырыбындағы материалдарды жазып көрсететін журналистерді ынталандыру арқылы отандық журналистиканың дамуына жәрдемдесу.

2.2. Конкурстың міндеттері:

1) Бұқаралық ақпарат құралдарындағы этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні мен мазмұнын ашатын, мәдениаралық диалогты дамытуға жәрдемдесетін бағдарламалар мен материалдарды дәріптеу;

2) ақпараттық кеңістікте көп этносты Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерінің озық үлгілерін ілгерілету;

3) мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту;

4) БАҚ-тағы қоғамдық келісім мен жалпыхалықтық бірлік мәселелеріне арналған публицистикалық материалдардың сапасын арттыру;

5) қоғамдық келісім мен жалпыхалықтық бірлік тақырыбын арқау еткен қазақстандық БАҚ-тың рөлдері мен жауапкершіліктерін арттыру.

3.Конкурсқа қатысушылар

3.1. Конкурсқа қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері, этномәдени бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, ғылым және мәдениет қайраткерлері, сарапшылар және жеке авторлар қатыса алады.

3.2. 2018 жылғы конкурсқа соңғы 2 жылда өткізілген конкурстардың жеңімпаздары қатыстырылмайды.

3.3. Әр қатысушы тек 1 (бір) өтінім бере алады.

4. Конкурс басшылығы

4.1. Конкурс құрылтайшысы конкурсқа жалпы басшылықты жүзеге асырады.

4.2. Өңірлік деңгейде Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық хатшылықтары құрылтайшы, облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының «Қоғамдық келісім» КММ-і ұйымдастырушы.

4.3. Ұйымдастырушы:

-осы ережеге өзгерістермен толықтырулар енгізеді;

- қазылар алқасын құрады және оның құрамын бекітеді;

- конкурстың барлық рәсімдері мен оның өткізілу тәртібін айқындайды және конкурс жеңімпаздарын марапаттауды қамтамасыз етеді;

- конкурс қорытындыларын бекітеді;

- www.assembly.kz сайтында конкурстың жариялануы туралы ақпаратты орналас-тырады, конкурстың қорытындыларын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді.

4.4. Конкурс жеңімпаздарын айқындау мақсатында ұйымдастырушының қатысушылардан қосымша ақпарат сұратуға құқығы бар.

4.5. Конкурс жеңімпазын қазылар алқасы айқындайды.

5. Конкурсты өткізу тәртібі мен мерзімі

5.1. Конкурсқа мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған, 2018 жылғы 1 қаңтардан 1 қазанға дейін БАҚ-та, этномәдени бірлестіктердің бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда жарияланған баспасөз материалдары, теле-радиобағдарламалар қабылданады.

5.2. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- қоғамдық келісім мен жалпыхалықтық бірліктің қазақстандық моделінің мәнін ашуға арналған үздік талдамалық материал;

- Ассамблея қызметінің жаңа бағыттары мен жобаларын ашып көрсететін үздік материал;

- өскелең ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге бағытталған үздік материал;

- мемлекеттік тілді насихаттау және оның қолданылу аясын кеңейту мәселесіне арналған үздік материал;

- әлеуметтік желілерде, сондай-ақ, ақпаратты берудің жаңа әдістерін қолдана отырып, (вайнерлер, блогерлер) қоғамдық келісім мен жалпыхалықтық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты түсіндіруге арналған үздік материал;

- «Астана: татулық пен келісімнің 20 жылы» тақырыбына арналған үздік материал үшін арнайы жүлде.

5.3. Конкурс 2 кезеңнен тұрады:

- конкурстың бірінші (өңірлік) кезеңінен өткен конкурстық жұмыстар 2018 жылғы 5 қазаннан 2018 жылғы 15 қазанға дейін өтетін конкурстың екінші (республикалық) кезеңіне жіберіледі.

5.4. Өңірлік «Қоғамдық келісім» КММ-і немесе Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық және Астана мен Алматы қалалық хатшылықтары өңірлік кезеңнің конкурс жеңімпаздарының материалдарын өңірлік конкурстық комиссияның отырысы хаттамасының көшірмесімен бірге жабық конвертпен 2018 жылғы 5 қазанға дейін мына мекенжайға жібереді: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 10, Министрліктер үйі, 13-кіреберіс, 681-кабинет.

5.5. Үздік жұмыстарды салтанатты марапаттау Астана қаласында 2018 жылғы қараша айында өткізіледі.

5.6. Конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық өтінімдерді қабылдау уақыты өткеннен кейін берілген немесе конкурс талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер қаралмайды.

5.7. Конкурсқа жіберілген материалдарға пікір жазылмайды және қайтарылмайды.

6. Конкурстың өтінімді рәсімдеу талаптары

6.1. Конкурсқа қатысуға өтінім беру оған

қатысушының осы ережеде көзделген, конкурсқа қатысу талаптарымен және шарттарымен танысып, келіскенін білдіреді.

6.2. Конкурсқа қатысу үшін берілген өтінім:

- кандидаттың осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысанда толтырылған өтінімді;

- өтінімнің конкурс талаптарына сәйкес келуін растайтын қосымша құжаттарды қамтуы тиіс.

Бір өтініммен берілетін материал саны 3-еуден кем болмауға және 5-еуден артық болмауға тиіс.

6.3. Конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстың өңірлік ұйымдастырушысына конкурстың атауы мен жіберушінің деректерін көрсетіп, электронды түрде, сонымен қатар, жабық конвертпен жіберуге болады.

6.4. Конкурсқа қатысу үшін келіп түскен өтінімді конкурсты ұйымдастырушы өтінімнің келген күні мен уақытын көрсетіп, конкурсқа қатысу үшін тіркейді.

Ақпараттық сипаттағы қысқа хабарламалар (баспасөз баяны, түйіндемесі, т.б.) қабылданбайды.

6.5. Конкурсқа қатысуға түскен өтінім осы ережеде көзделген талаптар бұзылған жағдайда қабылданбайды және тіркелмейді.

Өңірлік конкурсқа қатысушылардың материалы 2018 жылғы 15 тамыздан бастап 20 қыркүйекке дейін қабылданады.

Конкурстың өңірлік ұйымдастырушысы:

БҚО, Орал қаласы, Астана шағын ауданы, 10. Достық үйі, 30-бөлме.

Байланыс телефондары: 8(7112)-25-54-00 Қалта телефоны: 87753732791 e-mail: ggn-87@mail.ru

ҚОСЫМША

Журналистика саласындағы «Шаңырақ» шығармашылық конкурсына қатысуға арналған өтінім

1. Қатысушы туралы мәліметтер:

- облысы, елді мекені;
- тегі, аты, әкесінің аты;
- туған жері және туған жылы;
- ұлты;
- тұрақты тұратын жері;
- байланыс телефоны;
- оқу орны, жұмыс істейтін жері;
- лауазымы;
- жұмыс өтілі.

2. Шығармашылық құжаттар:

- баспа БАҚ-та жарияланған материалдардың сканерленген көшірмелері;
- интернет-ресурстардағы парақшалардың басып шығарылған көшірмелері;
- теле-радиобағдарламалардың дискке DVD, CD форматында жазылған жазбалары.

Құттықтаймыз!

Сайқын ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл әжеміз **Мария Қайрошеваны** 12 қыркүйек күні мерейлі 80 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр тілей отырып, немере-жиендеріңіздің қызығына тоймай, әрқашан ортамызда ақылшымыз болып жүре беріңіз!

Сіз біздің күнімізсіз жарқыраған, Анадан қуат алған жарты ғалам. Құны мен қасиеті тозбайтұғын, Біз үшін ана деген алтын адам.

Құттықтаушылар: ұл-келіні Сатыбалды-Светлана, қыз-күйеулері Ағиба-Кәрім, Сәетлана-Нәби, немере-жиендері, шөбере-жиеншарлары.

* * *

Сайқын ауылының тұрғыны, адал жар, асқар таудай әке, немерелерінің сүйікті атасы **Сертеков Жұмағали Орынғалиұлын** 70 жасқа толуымен құттықтаймыз! Деніңіз сау болып, ұрпақтарыңыздың арасында ұзақ ғұмыр кешіңіз дейміз.

Уақыттың куә болып жүйрігіне, Келдің ғой жетпіс жастың биігіне. Ардақты, абзал әке, асқар таусыз, Құрметтісіз дақ түспеген беделіңе. Еңбек еттің халқыңның мүддесіне, Сұрамадың еш мақтау әділсіз сіз. Қарапайым, еңбекқор қасиетің, Ұрпағыңа дарысың қасиетің.


Құттықтаушылар: зайыбы Сәуле, ұл-келіні Берік, Дәурен-Гүлмира, немерелері Ербол, Бекбол.

* * *

Т. Масин ауылының тұрғыны, асыл жар, аяулы ана **Фарида Зұлқашеваны** 41 жасқа толуымен құттықтаймыз! Баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын жаняңызбен бірге көріңіз дейміз.

Сый-құрметті Құдай берсін басыңызға, Әрқашан Қыдыр жүрсін қасыңызда. Жасыңыз жүзден ассын деп тілейміз, Қосылып жылдар тағы жасыңызға.

Игі тілекпен: жолдасы Тұрарбек, қызы Анар, ұлы Ізімбек.



**Меншік иесі:
«Жайық Пресс» ЖШС
Бас директор
Рауан СӘБИТОВ**

**«Жайық Пресс» ЖШС
Бөкей ордасы филиалы
«Орда жұлдызы» Бөкей ордасы
аудандық қоғамдық-саяси газетінің
директор-редакторы міндетін
атқарушы Нұртай Текебаев**

Газетті есепке қою тура-
лы №12259-Г куәлікті 2012
жылғы 19 қаңтарда Қазақстан
Республикасының Байланыс және
ақпарат министрлігінің Ақпарат
және мұрағат комитеті берген.

Газет БҚО Әділет департа-
менті, Бөкей ордасы аудандық
Әділет басқармасында
09.01.2012 жылы тіркелген.
Тіркеу №7-1926-15-ф-л.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090200 Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылы, Ғ.Әзербайев көшесі, 10/1 үй. Телефондар: Редактор: 21-5-30. Тілшілер: 21-8-42 (факс). Біздің электронды поштамыз: too-orda@bk.ru

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептелінеді.

Газет Бөкей ордасы аудандық «Орда жұлдызы» газеті редакциясында компью-терлік әдіспен теріліп, беттелді.

«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасын-да басылды.

Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 27/6

Газет аптасына 1 рет сейсенбі күні шығады. Көлемі 2 баспа табақ. Тапсырыс: 37 Таралымы: 1663 дана. Корректор: Меңсұлу Сұлтанғалиева.



Ой түрмкі

Мемлекеттік тіл- Менің тілім!



Қазақшаңыз қай дәрежеде?

Теледидардан кешкі жаңалықтарды тыңдап отырғанбыз. Жүгіртпе жолға: «Алматыда 2000 оқушы тегін жүзуді үйренді» деген жазу шықты.

— Жүзудің ондай да тәсілі бар ма? — деп сұрады қасымдағы қария.

— Білмедім. «Жүзуді тегін үйренді» дегендері шығар.

— Онда солай деп хабарламай ма? Өлде онда да «қойлы орыстар» отыр ма екен? Қойыртпақтанып кетсе, қай тілдің де қадірі жоғалады. Бұқаралық ақпарат құралдарында істейтіндер осыны ескерулері тиіс.

БАҚ-қа газет журналистері де кіретіндіктен телевидениедегі әріптесімді ақтамақ болып: «Қазіргі жастардың сөйлеу мәнері, стилі сондай. Сөйлемнің орнын ауыстырып қолдана береді» деп бастағам, «Оған жол беруге мүлде болмайды. Әйтпесе, олар ертең іш киімін басқа киіп, бөріктерін аяққа сүйретуі мүмкін» деп ақсақал тіптен күйіп кетті.

Ашынғаннан шығып жатқан ащы дауыс екенін түсінгендіктен үнсіз қалдым. Қазақтың өзіндік тілін Асылы Осман айтпақшы, «Қазақ тілі өркендеген, шұрайлы, өте бай тіл. Тек оның қадір-қасиетін сезініп, орнымен қолдана білуіміз керек. Тілін білмеген адам қазақтың жан дүниесін жетік түсінбейді». Тіл сақталса ғана ұлт болады. Яғни, тіл тағдыры — ел тағдыры. Мемлекеттік тілдің дамуы қазақ халқының ұлттық намысының, қазақстандық отансүйгіштіктің қалыптасып, одан әрі нығаюына жол ашады. Ол үшін ұлттық тәрбие мен оқыту, тіл үйрету үрдісін жетілдіре беруіміз шарт.

Ана тіліміз туралы әңгіме қозғалса, қазақтардың өзі екі тарапқа бөлінеді. Орыс мектебінде оқыған, не түрлі себептермен сөз мәйегіне терең бойлай алмағандар ауызекі, тұрмыстық тілді білгендерімен, жап-жатық сөйлей алмайды. Олардың арасындағы жаны, жүрегі қазақ деп соғатындар мемлекеттік

тілді меңгеруге құлшына кірісіп, жақсы нәтижелерге жетуде. Алайда, қазақ тіліне үрке қарайтын, оларын қостілділік, үштілділікпен бүркемелегісі келетіндер әлі де бар. Ешкім оларды қазақ тілін білмегені үшін күстаналап, қоғамнан алшақтатып жатқан жоқ. Тек оларға да, басқа ұлт өкілдеріне де бір шаңырақ астына топтасқан соң, әрқайсымыз сол шаңырақтың (қазақ мемлекетінің) уығы бола білейік, елді, оның тілін құрметтейік дейміз.

Бытырдан бері «Орда жұлдызында» кейбір сайқындық бүлдіршіндердің тілі орысша шығып, былдырлап жүргендері, бұл жақсылықтың нышаны еместігі оқтын-оқтын жазылып келеді. Соған үн қатқан бір ата-ана, бір ұстаз болса-шы. Бұл не қылған немқұрайлылық?! Баласының болашағына алаңдаушылық білдіргендері қалай?

Осы орайда, ауыл шаруашылығынан басқа саладағы мамандардың да қазақша жаза білмейтіндерін айта кеткеннің артығы болмас. Одақ кезінде қай оқу орнына (училище, техникум, институт) түспе, орыс тілі мен әдебиеті қалмайтын еді ғой. Егемен елімізде олай емес пе? Бұрындары орысша білмейді деген қазақтың өзінде «нан алып жерлігі» болатын. Қазіргі кейбір қандастарымыздың қазақшасы оған жетпей жатса, бодандықты қамытын әлі сүйретіп жүргендері емес пе?!

Ойды ой қозғайды, өткен оқығаны еске түсіреді. Бір мекемеге барсам, басшысы қызметкерін «Ой, қойлы орыс» деп реніш білдіріп жатыр. Жас маман аң-таң кейіппен: «Ол не сөз?» деді. Бұл сөздің мәнісін ашып түсіндіруді оқырмандардың еншісіне қалдырайық. Сонымен қатар тіл саясаты жөніндегі өз ой-пікірлеріңізді қоса жолдасаңыздар, нұр үстіне нұр болар еді.

Шынымен, қазақшаңыз қай дәрежеде?

Каримолла ҒАЙСИН

Қысқа әзірлік

Қамданған қапы қамдайды

Күрең күз келіп, күн суыта бастағанда, әр адам баспанасын қымтап, отын ынғайлап, қаһарлы қысқа әзірлігін тиянақтайды. Дәл осындай үрдіс барлық мекеме, бөлім, кәсіпорындарда да жүреді. Ауданымыздағы елді мекендердің деніне табиғи газ жеткізіліп, ондағы әлеуметтік маңызы бар нысандар көгілдір отынмен жылыту жүйесіне көшкені белгілі. Демек, оларға отын жеткізудің қажеттілігі жоқ. Алайда, ол нысандар қысқы маусымға дайындалмайды деген сөз емес. Қазандықтарының, жылыту жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі, оған қажетті қаражаттың бөлінуі, бәрі-бәрі күн тәртібінен түспейтін мәселелер. Ал, тұрмыстың жайлылығын, жылылығын қамтитын табиғи газға қолы жетпегендер сол баяғы қатты және сұйық отынды пайдаланады.

Ауданымыздағы әлеуметтік маңызы бар нысандар жылу беру маусымына дайын ба? Отындары жеткілікті ме? Оларға қанша қаражат жұмсалды? деген сауалдар жетегінде мәдениет, білім және денсаулық сала мамандарын сөзге тартқан едік. Саралап қарасақ, бүгінгі күннің өзінде көпшілігі сақадай сай екен. Мәселен, білім беру бөліміне қарасты 26 нысанның барлығы дерлік қажеттісімен қамтылған. Тарқатып айтсақ, 9 орта, 9 бастауыш мектеп, 4 балабақша және саз мектебі, туризм, мектептен тыс тәрбие мен балалар техникалық-шығармашылық орталықтарының 5 орта, 2 бастауыш мектеп, 3 балабақша және 4 қосымша білім беру ұйымдары табиғи газды, 2 бастауыш мектеп электр қуатын, 4 орта мектеп пен 1 балабақша сұйық отынды, 5 бастауыш мектеп қатты отынды пайдаланады. Газге қосылған 14 нысанның жайы айтпаса да түсінікті. Қажетті қаражат қаралып, газ мекемесімен келісім-шартқа отырғызылыпты.

Ауданымыздың шалғайлығынан болса керек, жарияланған тендерге бірден сатып алушы табыла қоймапты. Ол да өз кезегінде бұл істің уақтылы аяқталуына кедергі келтірген. Осыны ескерген білім саласы мамандары сұйық отынды жеткізуге байқауды үстіміздегі жылдың 26 сәуір күні жариялаған. Осылайша, 2018-2019 оқу жылы мектептерге керек 125 тонна сұйық отынды «Москвичи» ЖШС-і 24 млн. 200 мың теңгеге, «Балдаурен» балабақшасына 15 тоннаны «ADA Petroleum» ЖШС-і 3 млн. 708 мың теңгеге әкеліп беріпті. Биыл қатты отынға қажеттілік 73 тоннаны құрады. Оны электронды баға ұсыныстар арқылы 11 шілде күні «Испембетов М.» ЖК ұтып, тиісті мекеніне жеткізіпті.

Айта кетелік, білім беру ұйымдарының барлық бу қазандарына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, М. Мәметова атындағы орта мектеп жанындағы ескі жатақхана ғимаратына жаңадан бу қазаны орнатылған. Мектептердегі жөндеу жұмыстары алғашқы білім күніне дейін тәмамдалыпты.

Мұндай әзірлік денсаулық саласында да байқалады. Аудан бойынша 1 аурухана, 3 дәрігерлік амбулатория, 3 фельдшерлік-акушерлік, 11 медициналық пункт болса, Орда, Бисен дәрігерлік амбулаториялары, Мұратсай фельдшерлік-акушерлік пункті, Үштерек медициналық пункті мен аудандық аурухана газбен, Саралжын дәрігерлік амбулаториясы мен 7 (Шоңай, Кеңой, Қарасу, Сейітқали, Жәрмеңке, Тайғара, Жиекқұм) медициналық пункт электр қуатымен жылытылады. Ұялы мен Әжен, Көктерек, Жамбыл медициналық ошақтарына керек 20 тонна қатты отынды «Испембетов М» ЖК өз мойнына алып, уәдесін орындаса, бүгінде электр қуатына қосылған Саралжын ФАП-ы 2016-2017 жылғы жылу беру маусымынан қалған 16 тонна қатты отынды көдеге асырмақ. Бөрлі фельдшерлік-акушерлік пунктіне 20 тонна сұйық отынды «С.Ж.Дошанова» ЖК тасымалдап берді. Екі бу қазандығын ауыстырған денсаулық саласы қыстың сынынан сүрінбей өтетініне сенімді.

Мәдениет саласындағы, яғни, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөліміне қарасты 35 нысанның 24 ғимараты жылытылады. Мұнда да 51 тонна қатты отынды 1 млн. 404 мың теңгеге жеткізіп беруді «Испембетов М.» ЖК-сі мойнына алған. Сұйық отынның биыл қымбаттауына байланысты қаралған қаржыға, яғни, 6,506 мың теңгеге 41 тоннаның орнына тек 27 тонна жанар-жағар май алыныпты. Оны «С.Ж.Дошанова» ЖК 20 қыркүйекке дейін жүзеге асырмақ.

Газ құбырлары жеткен Бөрлі, Саралжын, Ұялы ауылдық мәдениет үйлерінің газге қосылу жөніндегі техникалық шарттары дайын екен. Енді жобалық-сметалық құжаттарын жасату үшін қаржы сұрап жатыр.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, білім мен тәрбие беріп, денсаулықты қамтамасыз етіп, рухани дүниені кеңейтетін салалар «басқан ізі сықырлайтын кәрі құданың» келуіне қапысыз қамданған сыңайлы. Осылайша, олар қыста да тұрғындарды жылы да жайлы нысандарда қабылдамақ.

Раушан БАҚЫТОВА

